

Заттай нысанда роялти төлеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 25 ақпан N 198

Ескерту. Мәтінде "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" ЖШС" деген сөздер "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" АҚ" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1221 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 295-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға қосымша келісімдер ж а с а с с ы н , он да :

мемлекет атынан роялти алушының - "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" АҚ) жер қойнауын пайдаланушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес роялтимен есеп айырысу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар қолданатын баға бойынша шикі мұнай түрінде көмірсутегі шикізатының көлемін алуы қамтамасыз етілсін;

"ҚазМұнайГаз" сауда үйі" АҚ алуға тиесілі көмірсутегі шикізатының көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін роялти төлемінің заттай нысаны болып табылады деп белгіленсін;

жер қойнауын пайдаланушылардың келісімі бойынша роялти төлеу есебіне жеткізілетін шикі мұнай көлемін тапсырудың жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда белгіленген мерзімге қарағанда неғұрлым ертерек мерзімі б е л г і л е н с і н ;

1-1) "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" АҚ-пен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес көмірсутегі шикізатының осы көлемін кейіннен тасымалдау және сату үшін жер қойнауын пайдаланушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға сәйкес роялтимен есеп айырысу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар қолданатын бағалар бойынша заттай түрде роялти төлеу есебіне шикі мұнай түрінде көмірсутегі шикізатының көлемін алу жөнінде тапсырма шарты жазылсын;

2) осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1221 қаулысымен.

2. "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" АҚ (келісім бойынша):

1) жер қойнауын пайдаланушылардан кейіннен оларды сатумен заттай нысанда роялти төлеу есебіне жеткізілетін шикі мұнай көлемін қабылдасын және осы тапсырмаға сәйкес құжаттарды ресімдесін;

2) жер қойнауын пайдаланушылар есептеген роялти сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен роялти төлеу үшін белгіленген мерзімде республикалық бюджетке аударуды жүргізсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1221 қаулысымен.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Есімовке жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1221 қаулысымен.

4. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1221 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі